

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№40 (153) ЖҰМА

7 қараша 2025

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

• БӘРЕКЕЛДІ!

ТАРИХИ ЖҮЛДЕ!

Бахрейн елінде өткен жасөспірімдер арасындағы Азия ойындарында ауыр атлетикадан Сәтбаев қалалық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің спортшысы Нұрсыйла Берікбол қола медаль иегері атанды. Бұл – тарихи жеңіс! Өйткені, бұл - Азия ойындары бойынша Ұлытау облысы тарихындағы алғашқы жүлде!



Сәтбаев қаласының әкімі М.Берібаев Нұрсыйла мен оның жаттықтырушысы Нұрсұлтан Дастанбекұлын арнайы қабылдап, шын жүректен құттықтап, Алғыс хат табыстады.

Бұған дейін де көптеген халықаралық жарыстарда ел намысын қорғап, жоғары нәтижелер көрсетіп

жүрген Нұрсыйла бұл жолы Халықаралық дәрежедегі спорт шебері нормативін орындады.

Бұл жеңіс – үлкен мақтаныш және жас спортшылар үшін үлкен ынталандыру екендігі даусыз. Жеңістен жеңіске жете берейік!

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ.

ПРЕЗИДЕНТТІК ЖАСТАР КАДР РЕЗЕРВІНІҢ МҮШЕСІН ОБЛЫС ӘКІМІ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Ұлытау облысынан Президенттік жастар кадр резервіне қабылданған Алмагүл Әнуарбековаға облыс әкімі Дастан Рыспековтің атынан арнайы құттықтау табыс етілді. Құттықтау хатты әкім аппаратының басшысы Кеңгірбай Смағұлов тапсырды.

«Мен де Президенттің жастар кадр резервінің мүшесі ретінде осы жауапты әрі бағыты айқын жолмен жүріп келемін. Мемлекет басшысының бұл бастамасы жас буынға сенім артып, басқару ісіне жаңа серпін беруді көздейді. Сол сенімді ақтап, өңіріміздің атын абыроймен танытатыныызға сенемін», - делінген облыс әкімінің құттықтауында.

2025 жылға арналған резерв құрамына енген Алмагүл Бауыржанқызы «Агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған ортаны қорғау» бағыты бойынша іріктеуден сүрінбей өтіп, үздіктер қатарынан табылды.

Еңбек жолын 2019 жылы Жезқазған қаласындағы №24 мектепте химия пәні мұғалімі болып бастаған. Қазіргі таңда – №24 мектептің тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары.

Ол аймақтық олимпиадалар мен ғылыми байқаулардың сараптамалық комиссия мүшесі, эко-



логиялық бағыттағы ғылыми жобалар жетекшісі. Республикалық деңгейдегі экологиялық жоба байқауларының жеңімпазы, сондай-ақ халықаралық NXplorers және CLIL білім беру бағдарламаларының сертификатталған жаттықтырушысы.

Обләкім баспасөз қызметі

БІРЫҢҒАЙ ӨНДЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІ: ЖЫЛДАМДЫҚТЫҢ СЫРЫ

109 – Ұлытау облысының бірыңғай байланыс орталығы. Біз тұрғындар мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара байланысты қамтамасыз етіп, азаматтардың өтініштері мен шағымдарын қабылдаймыз. Тәулік бойы, яғни 24 сағат, 7 күн жұмыс істейміз. Әрбір өтініш тіркеліп, тиісті мекемелерге жолданады және оның орындалу барысын бақылап отырамыз.

Басты мақсатымыз – тұрғындарға мемлекеттік және коммуналдық қызметтер жөнінде нақты ақпарат беру, туындаған мәселелерді шешуге көмектесу және халықтың өтініштерін жедел қарау.

Түскен өтініштерді жедел өңдеу бірыңғай жұмыс тәртібі арқылы қамтамасыз етеді. Оператор азаматтан мекенжай мен мәселенің мән-жайын нақтылап алады, ал жүйе өтінішке тиісті санат беріп, оны салалық ұйымға бағыттайды. Кейін әрбір қадам — өтінішті қабылдаудан бастап, орындалғанға дейінгі барлық кезең — мәртебелерде белгіленіп, өтініш берушіге кері байланыс беріледі.

Өтініштің жылдам қаралуы берілген бастапқы ақпараттың толықтығына тікелей байланысты. Толық мекенжайды (қала, көше, үй, подъезд немесе бағдар) көрсету, сондай-ақ фото немесе бейне жіберу орындаушыларға мәселені алдын ала бағалап, жұмысты нақты жоспарлауға мүмкіндік береді және «нақтылау үшін қайтару» жағдайларын азайтады.

ТҰРҒЫНДАР 109 ҚЫЗМЕТІНЕ ӨЗДЕРІНЕ ЫҢҒАЙЛЫ АРНА АРҚЫЛЫ ХАБАРЛАСА АЛАДЫ.


қоңырау шалу – 109 нөміріне (қоңырау тегін),

WhatsApp нөмірі – +7 707 790 1109,

Telegram-бот – @ulytau_109_bot

Instagram парақшасы – ulytau.109,

мобильдік қосымша – Komek 109 арқылы да байланысуға мүмкіндік бар.



► ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: СЕНИМГЕ - СЕРПІН

ЕЛ ДАМУЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТЫ

Қазақстан Республикасының Президенті жыл сайынғы халыққа Жолдауында ел дамуының негізгі басымдықтарын айқындайды. Бұл құжат тек саяси немесе экономикалық бағдарлама ғана емес, сонымен бірге қоғамның алдағы жылдарға арналған стратегиялық бағытын белгілейтін маңызды саяси акт болып табылады. Президент Жолдауы мемлекет қызметінің барлық саласын қамти отырып, елдің әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани жаңғыруының нақты жолдарын көрсетеді. Сондықтан да Жолдау – ел дамуының стратегиялық бағдары, халық пен билік арасындағы сенім көпірі, қоғамның біртұтас мақсатына жетелейтін бағдаршам іспетті.

Президент Жолдауы – елдің қазіргі жағдайын саралап, болашақтағы даму бағыттарын айқындайтын мемлекеттік стратегия. Ол елдің ішкі және сыртқы саясатына, экономикасына, әлеуметтік саласына, мәдениет пен білімге қатысты нақты міндеттерді белгілейді. Жолдау арқылы мемлекет алдында тұрған өзекті мәселелер талданып, оларды шешудің тетіктері ұсынылады. Бұл құжаттың басты ерекшелігі – оның өміршеңдігі мен нақты нәтижеге бағытталуы.

Жолдау елдің әрбір азаматына арналған. Себебі оның әрбір тармағы халықтың әл-ауқатын арттыруға, әділетті қоғам құруға және тұрақты экономикалық өсімге бағытталған. Президент сөзімен айтқанда, Жолдау – ел дамуының ортақ жоспары, ұлттық бірліктің негізі және жаңғырудың бастау көзі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты тұжырымдамасы – елдің даму стратегиясының жаңа кезеңі. Бұл идея халықтың сұранысы мен заман талабынан туындаған. «Жаңа Қазақстан» ұғымы әділетті қоғам орнатуды, тең мүмкіндік пен заң үстемдігін қамтамасыз етуді мақсат етеді.

Жолдау аясында мемлекет басқару жүйесінде ашықтық пен тиімділік артып, сыбайлас жемқорлықпен күрес күшейді. Сондай-ақ жастарға арналған жаңа бағдарламалар, цифрландыру және жасыл экономика бағытында нақты қадамдар жасалып келеді. Бұл реформалардың барлығы стратегиялық тұрғыдан елдің ұзақ мерзімді тұрақты дамуына жол ашады.

Президент Жолдауы тек мемлекеттік органдар үшін ғана емес, бүкіл қоғам үшін бағдарлама іспетті. Онда белгіленген міндеттерді жүзеге асыру әрбір азаматтың белсенді қатысуын талап етеді.

Білім саласында – сапалы кадр даярлау, ғылым мен инновацияны қолдау; ауыл шаруашылығында – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету; мәдениет пен руханиятта – ұлттық құндылықтарды сақтау және жаңғырту міндеттері Жолдаудың негізінде жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар, Жолдау ел азаматтарына сенім ұялатады, олардың



мемлекетке деген жауапкершілігін арттырады. Мемлекет басшысының нақты ұсыныстары мен тапсырмалары халықтың үмітін ақтап, қоғамда реформаларға деген қолдау тудырады. Бұл – елдің бірлігін күшейтетін, ортақ мақсатқа жетелейтін маңызды фактор.

Жолдау – Президент пен халық арасындағы диалогтың нақты көрінісі. Онда елдің тыныс-тіршілігіне тікелей әсер ететін мәселелер қозғалып, қоғамдағы өзекті сұрақтарға жауап беріледі. Президенттің Жолдауы арқылы билік халықтың пікірін тыңдап, қажетті шешімдер қабылдайды. Бұл – демократиялық қоғамның белгісі.

Жолдау жарияланғаннан кейін барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар мен мекемелер, сондай-ақ азаматтық қоғам өкілдері оны талқылап, іске асыру жолдарын қарастырады. Бұл үдеріс мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенімді нығайтады.

Қорыта айтқанда, Президент Жолдауы – Қазақстанның даму жолындағы стратегиялық құжат. Ол елдің қазіргі ахуалын бағалап қана қоймай, болашаққа бағыт береді. Жолдауда айқындалған мақсаттар мен міндеттер – мемлекеттің тұрақты дамуының кепілі.

Президент Жолдауы – халықтың бірлігі мен елдің өркендеуінің басты тетігі. Онда көрсетілген бағыттар жүзеге асқан сайын еліміз жаңа белестерге көтеріледі. Әрбір азамат осы стратегиялық бағдарды жүзеге асыруға өз үлесін қосса, Қазақстанның болашағы жарқын болмақ.

Қайрат БАЛМАҒАМБЕТОВ,
Сәтбаев қалалық
мәслихатының төрағасы.

БҮГІНГІ БІРЛІК – БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың атап көрсеткеніндей, «Біздің басты құндылығымыз – бірлік пен келісім». Бұл жәй ғана айтыла салған сөз емес, өмірдің нағыз шындығы, аттап өте алмайтын ақиқаты. Өйткені...

Қазақстан әлемге бірлігі мен келісімі жарасқан ел ретінде танылып отыр. Ел халқының бірлігін сақтау үшін этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайту – Тәуелсіздік алған алғашқы күндерден бастап мемлекет саясатының негізгі бағыты болып келеді. Бүгінде елімізде 130-дан астам этнос өкілі бейбіт өмір сүріп, тілін, ділін, мәдениетін сақтай отырып, бір шаңырақ астында тату-тәтті ғұмыр кешуде. «Бірлік бар жерде – тірлік бар» деген аталы сөздің мәні уақыт өткен сайын тереңдеп, өзінің маңыздылығын дәлелдей түсуде.

Бірлік – мемлекеттің тұрақты дамуы мен қоғамдық келісімнің басты тірегі. Әлеуметтік-саяси тұрғыда бұл ұғым халықтың түрлі көзқарастарына қарамастан ортақ мақсатта бірігуін, ел болашағы үшін жұмыла еңбек етуін білдіреді. Тұрақтылық пен тыныштық – осы бірліктің нәтижесі.

Бірлік – кез келген қоғамның бейбіт өмір сүруі мен тұрақты дамуының негізгі іргетасы. Бұл мақсатта Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Ол этносаралық қатынастарды реттейтін, ұлттар арасындағы достықты нығайтатын бірегей институт. Халық бірлігі мемлекеттің тәуелсіздігін, егемендігін нығайтып, саяси жүйенің тиімділігін арттырады. Бірлігі жарасқан елде әлеуметтік шиеленістер мен этносаралық қақтығыстар болмайды, керісінше, өзара келісім мен бейбіт өмір салтанат құрады. Сондықтан бірлік – кез келген елдің ұлттық қауіпсіздігі мен дамуының стратегиялық факторы болып есептеледі. Саяси мағынада бірлік – мемлекеттің ішкі тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің басты кепілі. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, бірлік – адамдар арасындағы ынтымақ пен өзара түсіністік, қоғам мүшелерінің ортақ құндылықтар мен мүдделер төңірегінде топтасуы.

Қазақстандағы этносаралық келісім – тек мемлекеттік құрылымдардың жұмысы ғана емес, сонымен бірге әрбір азаматтың санасындағы бейбітшілікке, төзімділікке, сыйластыққа негізделген көзқарастың көрінісі. Елде тұратын әрбір этнос өз тілін, мәдениетін, дәстүрін сақтап, дамыта алады. Сонымен қатар, барлығы Қазақстанның азаматтары ретінде ортақ құндылықтар мен мүдделерге ие. Қазақстан үшін бұл ұғымның орны ерекше. Бірлік – қазақ халқының тарих



бойындағы өмірлік ұстанымы, ел бірлігі – мемлекеттің мәңгілік тұғыры.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен құрылған Ұлттық құрылтай – ел дамуының жаңа кезеңіне сай қоғам мен билік арасындағы ашық әрі тиімді диалогтың заманауи алаңы. Құрылтай ол ел мен билік арасындағы ашық диалог алаңы ғана емес, сонымен бірге ұлттық тұтастық пен қоғамдық келісімді нығайтатын маңызды тетік. Құрылтайдың мақсаты – қоғамның түрлі салалары өкілдерінің пікірін ескеріп, елдің стратегиялық даму бағытын айқындау. Бұл құрылым халықтың үнін естуге, ұлттық сананы жаңғыртуға және ұлт бірлігін одан әрі нығайтуға бағытталған.

Бүгінгі бірлік – ертеңгі болашақтың кепілі. Ел болашағы жастардың қолында екенін ескере отырып, ұлттық сана мен бірлік рухын тәрбиелеу – басты міндеттердің бірі. Бірлік идеясы тек ересектер арасында ғана емес, жастар санасында да қалыптасуы тиіс. Бұл бағытта білім беру мекемелерінде, жастар ұйымдарында, мәдени іс-шараларда ұлтаралық татулық, төзімділік және патриотизм идеяларын кеңінен насихаттау маңызды.

Ұлттық құрылтай – бірлік пен жаңаруға негізделген қоғамдық келісімнің жаңа форматы. Ал халық бірлігі – мемлекеттіліктің тірегі. Екеуінің ұштасуы арқылы Қазақстан болашаққа сеніммен қадам басуда. Бүгінгі бірлік, еліміздің тұрақтылығы мен болашағының кепілі.

Айнұр МЕЙІРМАНОВА,
«Қоғамдық келісім» КММ
ақпараттық-түсіндіру
тобының мүшесі.

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

«Жезқазған қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінде 76-03-58 сенім телефоны жұмыс істейді. Осы телефон арқылы қала тұрғындары аталған мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексін, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң нормаларын бұзғандығы туралы фактілерді хабарлауларына болады. Жұмыс уақыты 9.00-18.30-ға дейін.

Email: zhezmastli@mail.ru

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

Государственное учреждение «Аппарат Жезказганского городского маслихата» сообщает о том, что в аппарате маслихата работает телефон доверия 76-03-58, с режимом работы с 9.00 до 18.30 часов, по которому жители города могут сообщать о фактах нарушения сотрудниками данного учреждения норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией.

Email: zhezmastli@mail.ru

► АУЫЛЫМ МЕНІҢ – АҚБЕСІК

МАЛШЫБАЙ ДЕГЕН АУЫЛ БАР...



Одақ тараған соң көптеген ауылдардың шаруасы шатқаяқтап кетті. Бұрынғы қалыптасқан жүйе нарық заманында тығырыққа тірелді. Ауылдан үдере көшу орын алды. Дегенмен, қазіргі уақытта ауыл сол бірн қиыншылықтарды кейін қалдырды. Ауыл адамдары бүгінде шаруашылықпен айналысып, бірі малдың, бірі егіннің, енді бірі тағы бір кәсіптің көзін тауып, түтінін түзу ұшырып отырған жайлары бар. Солардың бірі - Малшыбай ауылы.

Ауылдық округтің әкімі Ерғазы Аянбаевпен әңгімелесіп отырмыз.

- Біздің ауылда 85 түтін бар. Олардың әрқайсының өзіндік тірлігі бар. Біздің міндет мүмкіндігінше халықтың талап - тілегіне сай қызмет көрсету - дейді ол.

Айтуға оңай. Сыртан тон пішу салудың да еш қиындығы жоқ. «Сол ауылда не жұмыс бар?» дейтініміз рас. Ал, шын мәніне келгенде...

Ауылда 71 шаруа қожалығы мен 1 жеке кәсіпкер бар. Ал, олардың жұмысын ұйымдастыруға, кәсіпкерлік қызметінің дамуына ықпал ету - ауыл әкімінің міндеті. Құжаты дұрыс болмаса шаруға да, кәсіпкерге де қиын.

- Сондықтан, аппараттағы мамандарға қойылатын талап та қатаң. Әрбір істі заңға сай әзірлеуді талап етіп отырамын - деген Ерекең әкім аппараты шағын болғанмен шаруаның шашетектен екенін де байқатып өтті.

Ауыл адамдарының бәрі бірдей тұрақты жұмыспен қамтылған деуге болмайды. Мұндайда не істеу керек? Әрине, оларды қоғамдық жұмысқа тар-

Кешегі Кеңес заманында көп айтылатын «Гүлденсе ауыл, гүлденеміз бәріміз» деген сөз әлі де маңызын жоя қойған жоқ. Тіпті, ешқашанда жоюы да мүмкін емес - ау. Өйткені, ауыл болмаса қаланың тіршілігі не болмақшы?



ту қажет. Бұл уақытша болғанмен, одан әрі жұмысқа тұрып кетуіне де мүмкіндік туындап жатады. Сондықтан, адамдар да қоғамдық жұмыстан қашқақтай қоймайды. Өйткені, мұның пайдалы жағы бар екенін көріп, біліп отыр. Мысалы, биыл қоғамдық жұмысқа 6 адам тартылса, 4 адам тұрақты жұмыс орнын тапты.

Атаулы әлеуметтік көмек алуды әркімнің-ақ қалайтыны рас. Бұл ретте көп нәрсе ауыл әкімі аппараты мамандарының біліктілігіне байланысты. Мәселе тағы да құжаттардың дұрыс толтырылуына қатысты.

- Жыл сайын біздің мамандарымыз атаулы әлеуметтік көмек алу қажеттілігі бар тұлғаларды анықтау мақсатында әрбір үйге барып, нақты жағдайларын біліп отырады. Аз қамтылған отбасыларды анықтау мақсатында халықпен әңгімелесулер өткізеді және АӨК рәсімдеу кезіндегі өзгерістер туралы ақпараттандырады. Қандай жағдайда АӨК алуға болады, бұл үшін нендей құжаттар керек, оларды қалай жинақтауға болады? Соның бәріне көмектеседі. Сөйтіп, дайындалған құжаттарды тиісті комиссияға ұсынады. Өтініш берушінің тұру актісін толтырып, қорытынды береді. Биылғы жылдың басынан бері ауылдағы 2 отбасы мемлекеттен берілетін атаулы әлеуметтік көмекті алып келеді.

Әкімдік ғимаратында электрондық үкімет порталына қол жетімділікті қамтамасыз ететін өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы орнатылған. Ауылдың кез келген тұрғыны келіп, өзіне қажетті мәселе бойынша портал қызметін пайдалана алады. Әрине, олардың бәрі бірдей компьютердің тілін біле бермейтіні және анық. Мұндайда әкімдік мамандары көмек қолын созады.

Жезқазған қаласының жұмыспен қамту орталығы мен ауыл әкімдігі арасында өте тығыз байланыс орнатылған. Бұған себеп те жоқ емес. Өйткені, ауыл тұрғындарын толғандыратын әлеуметтік мәселелердің бәрі дерлік аталған орталық арқылы шешімін табады. Бұған әлеуметтік көмек және әлеуметтік қызметтер, яғни, кепілдендірілген әлеуметтік пакеттерді беру, жалғыз тұратын қарттар мен еңбекке жарамсыз азаматтарға қызмет көрсету және т.т. қызметтер кіреді. Ауыл әкімдігі жекелеген кәсіпкерлерді ауылдағы қажет ететін отбасыларына азық-түлік жиынтықтарын, отынын түсіріп беру және т.б. мәселелер бойынша қамқорлық жасауға, демеушілік көрсетуге де дөңкер болып жатады. Ал, ауылда 8 мүгедек, 7 көпбалалы отбасы тұрады.

Ауыл бір орында тұрып қалмау керек. Бүгінгі жетістік ертеңнің баспалдағы ғана. Сондықтан, ауылдың әлеу-

меттік - экономикалық дамуы және бюджет қаражатын тиімді пайдалану басты назарда ұсталады. Бұл бағытта әкімдік жергілікті қоғамдастықпен қоян-қолтық жұмыс істейді. Не бар, не жоқ. Ой қандай, мүмкіндік қалай? Осының бәрі қоғам назарына ашық айтылады. Басқаша айтқанда, ауылдың бар шаруасы ел ағаларымен, қоғам белсенділерімен бірлесе отырып, шешімін табады.

Әрине, шешілмеген түйіндер бар. Дегенмен, ауылдың біршама мәселесі шешімін тапқаны қуантарлық жағдай. Мысалы, ауылда халықты сумен қамтамасыз ететін орталықтандырылған сумен жабдықтау орталығы бар. Мұндағы ауызсудың сапасы барлық нормаға сәйкес келеді. Сондай - ақ, бас ауырып, балтыр сыздай қалғанда жедел көмек көрсете қоятын Жезқазған қаласы емханасының филиалы да жұмыс істеп тұр.

- Биылғы жылы ауымызға «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша бастауыш сынып мұғалімі келді. Ол үймен қамтамасыз етілді. Сондай - ақ, бір көп балалы отбасы да көшіп келген еді, ол отбасыға да тиісті көмек көрсетілді - дейді Ерғазы Егізтайұлы.

Қалалы жерден ауылға көшу, бұл сол ауылдағы жағдайдың жақсы екендігін айғақтайды. Мұндай көштің қатары келешекте көбейе түссе тіпті құба - құп.

Жалпы ауылда тұрып, шаруасын дөңгелетіп жүрген белсенді шаруа қожалықтары Құлжанов Дүйсебек, Дәулетбаев Жансейт, Айранбаев Қаһарман, Нұржанов Сламбекті ауылдың мақтаныштары десе болғандай. Олардың кейбірі кейінгі жылдары мемлекеттік бағдарлама бойынша қажетті техникаларға қол жеткізген көрінеді. Демек, олар шаруасын одан әрі дамыта түсетін болады.

Шағын ғана ауыл. Бірақ, мұнда да қарбалас тынымсыз тірлікті байқамау мүмкін емес. Көзге көріне бермейтін, әдетте елеусіздеу саналатын әрбір іс ауылдың береке - бірлігін қамтамасыз етеді, ұйымшылдығын арттырады. Ауылдың ертеңі де оның қазіргі тұрғындарының қолында. Ал, басшылық халықты ұйымдастыра, ұжымдастыра білсе, қиыншылықтар кейін қалып, ауыл өркендей береді.

Малшыбай ауылының тыныс-тіршілігімен танысқандағы түйген ойымыз - осындай!

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Сәтбаев қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінде 3-45-23 сенім телефоны жұмыс істейді. Осы телефон арқылы қала тұрғындары аталған мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң нормаларын бұзғандығы туралы фактілерді хабарлауларына болады.

Жұмыс уақыты 9:00 - 18:30-ға дейін.

Email: maslihat_satpaev_maslihat@mail.ru

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

ГУ «Аппарат Сатпаевского городского маслихата» сообщает, что в аппарате маслихата работает телефон доверия 3-45-23 с режимом работы с 9:00 до 18:30 часов, по которому жители города могут сообщить о фактах нарушения сотрудниками данного учреждения норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией.

Email: maslihat_satpaev_maslihat@mail.ru

► ӘРІПТЕСТІҢ ӘЛЕМІ

Сен жалғыз емессің



Ізтай БЕЙСЕНБАЕВ

РЕДАКЦИЯДАН:

ЖЕЗҚАЗҒАН – ҰЛЫТАУ АЙМАҒЫНА ТАНЫМАЛ ЖУРНАЛИСТ, «ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» МЕДАЛІНІҢ ИЕГЕРІ, ҚР АҚПАРАТ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ ІЗТАЙ БЕЛГІБАЙҰЛЫ БЕЙСЕНБАЕВ АЛПЫСТЫҢ ҮШІНЕ КЕЛДІ. «АЙМАҚ АҚШАМЫ» ІЗЕКЕҢДІ МЕРЕЙЛІ ЖАСҚА ТОЛҒАН КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАП, ДЕНІНЕ – САУЛЫҚ, БАСЫНА – АМАНДЫҚ, ҚАЛАМЫНА – ҚАРЫМ, ШАБЫТЫНА – ДАРЫН ТІЛЕЙДІ. АЛАР АСУ, ЖАЗАР ЖАЗУ ТАУСЫЛМАСЫН!

Абзал оқуға аттанарда жүрегі бір түрлі қобалжып еді. Ішкі түйсігі бір жайсыздықты сездіргендей болған. Сөзімі алдамапты — ауылдан жаман хабар жетті. Көрші қыз Сая телефон шалып, жылап тұрып:

— Абзал, білесің бе... Атаны қарттар үйіне апарып тастапты... — деді.

Жүрегі шым ете қалған Абзалдың тілі күрмеліп қалды. Әрі қарай не сұрағын білмей қалшиды. Сәлден соң есін жиып, дереу деканға барды. Жағдайды айтып, ауылға қайтуға рұқсат сұрады. Былайша қатал жүретін деканы — Ниязбек Тұрсынович — екі сөзге келмей, Абзалдың арқасынан қағып:

— Бар, балам. Атаңды жалғыз қалдырма, — деді.

Пойызға билет таба алмаған Абзал күтуді жөн көрмеді. Сол түнде индрайвермен ауылға қарай тартып отырды. Жол бойы көз алдынан атасы кетпей қойды. Сексеннен асса да сергек, жанға медеу болып жүретін. Салмақ салуды білмейтін жаны таза жан еді. Бар бәле тәтесі Тотыдан екенін де іштей сезіп отырды. «Тоты» дегені — өгей шешесі. Өз анасы он жыл бұрын обырдан қайтыс болғанда, Абзал әлі он үшке енді ғана келген бала болатын. Үйде атасы Қазі, әкесі Жомарт үшеуі қалған. Бір үйдің берекесі кемдік етсе де, әулиедей атасының жаны шуағын төгіп тұрды. Бірақ келін түсірмей, жұрты не дейді деп іштей қысылған Қазі қарт:

— Шырағым, жалғыздық

құдайға ғана жарасқан, оның үстіне бір үйде үш еркек салт бас күн көру оңай емес. Егер, Абзалжан қарсы болмаса көңіліңе қонатындай ақжаулықты болса үйлен — деп ұлына ақыл қосқан.

Сол ақ жаулықтылардың ақ пейілі көпке бармады. Әуелде иіліп тұрған Тоты кейін қас қаққызбайтын мінез көрсетті. Атасын әр ісіне кінәлап, аузынан ащы сөзін аямайтын болды. Тіпті:

— Атамды қарттар үйіне берейік. Мына үш бөлмелі үйде айналатын жер жоқ. Ертең мен босанамын. Қыз бала екенін білесің, оған өз алдына бір бөлме керек, — дегенін Абзал да құлағымен естіді.

— Ел жұр не дейді?! Жомарт қартайған әкесін далаға тастада деп күлмей ме? Оының үстіне қай қазақты көрдің әкесін қарттар үйіне өткізген. Сөзді қой! — деп тып тастаған.

Бұл әңгіме тәтесі босынып, Сөзім дүниеге келгелі тіпті өршіп кетті. Бұрынғыдай емес әкесінің де жүні жығылып қалғандай.

Уақыт осылай өтіп жатқан. Азамат оқуға түскелі атасынан ба маза қаша бастады. Келіне тоты баяғыдай жасырын емес, тікелей айтатын болды.

— Ата, қарттар үйі нағыз сіздің қолыңыз. Төрт қабырғаға телміріп отырмайсыз. Қасыңызда өзіңіз сияқты шалкемпірлер болады. Әңгімедүкен құрасыз. Ұйқы тыныш. Аура қалсаңыз үйдегідей дәрігер күтіп оырмайсыз. Бәрі қасыңызда. Біз барып тұрамыз,

— деп алдаусыратын әуелде. Кейін, «кір қоңыңызды жуып отырмайсыз ба, әлі шамаңыз келеді», «Тамақты ел қатарлы неге ішпейсіз, қайта - қайта кухняға бара бермей», «телевизорды неге қатты қоясыз Сөзімке ұйықтап жатыр» дейтін болды. Мұның бәрі шалға шаншудай қадалатын.


Сөзім еңбектеп, әпіл-тәпіл жүре бастағанда атасын көп төңіректейді. Мұндайда Қазі қарт та бір сергіп қалады. Немересінің қылықтарын қызықтап, үйдегі ауыр аураны бір сәт ұмытқандай болады. Ондайда келіні жетіп келіп:

— Былай жүр әй, қыз, атаң ауырып жүр, сырқаты жұғып қалады. Жаман иісі бар қалай отырсың алдында, — дегенде жүрегіне ине қадалғандай болады Даладағы бала уайымдамасын деп мұның бәрін іште сақтайтын. Демалысқа келгенде қуанып қалушы еді. Атасының айта алмай жүрген сыры бар екенін Абзал да ұғатын. Бір ер рет суыртпақтап сұрап еді сұңғыла шал ұстатпады. Денсаулығына, ұйқының шалалығына жатқызып сыр бермеді. Бір күні шыдай алмай, әкесі мен Тотыға ашық айтты:

— Атамды мазалай берсеңдер, мен оны алып, осы үйден кетем.

Сол сөзден кейін тыйылғандай болған...

Абзал жолдан келген бойда үйіне соқпай, бірден Қарттар үйіне жетті. Холлда креслода теледидар қарап, көзілдірігінің ар жағынан алысты шолып



отырған атасын көрді. Немересін көргенде Қазі қарттың көзі жасаурап сала берді. Әжімдер арасынан ыстық жас күмістей жылтырап, сақалына құйылып жатты.

— Атама бұл жер саған лайықты емес еді ғой! — деді Абзал атасын айқара құшақтап.

Арада бірер сағат өткенде, немересі атасын алып, таксимен Сая жіберген мекенжайға тартты. Кеше Астанада шығарда Абзал Саяға бір бөлмелі пәтер жалға тауып қоюды сұраған еді. Түні бойы жарнама қараған қыз қаланың шет жағындағы шағын ауданда жаңадан салынған үш қабатты үйлердің бірінен бірінші қабатындағы бір бөлмелі үйді тауып, иесімен келісіп қойған екен. Кішкентайынан көз алдында өскен Сая Қазі қартқа сондай ыстық болып көрінді. Құшағына алып, маңдайынан сүйді. «Бақтарың жансын» деді күбірлеп. Бірақ, оны өзінен басқа ешкім естіген жоқ.

Атасын диванға жайғастырған Абзал оның жүзіне барлай қарап отыр. Жаңа байқады. Соңғы бір айдың мұғдарында атасы қатты қартайып кетке екен-ау. Жүзін торлаған әжімдері де қалаңдай түскен бе, қалай?

— Атам-ау, қалай қартайып кеткенсің? — деді бауырына басып. — Енді бізді Құдайдан басқа ешкім ажырата алмайды, — деді сосын.

Бұл кезде Сая зыр жүгіріп жүріп столды жайнатып жасап тастады. Мерекелік дастарханнан кем болған жоқ.

— Ата мен таңертең жұмысқа шығам. Үйдің кілті шапаныңның қалтасында. Сая келіп шайыңды, түскі асыңды беріп тұрады. Ішің пысса есік алдына шық. Бірақ алысқа кетіп қалма, — деді құшақтап.

— Балам-ау, оқуың қайда?! — деді атасы көзі жыпылықтап. — Оқуыңды қайттың? Тастап кеттің бе?

— Жоқ ата, келген күннің ертеңіне деканға өтініш жазып, сырттайға ауысып алғанмын. Ниязбек Тұрсынович тамаша адам ғой. Қарсы болмады. Енді қыста сессияға барам. Ал, кеше осындағы байыту фабрикасына жұмысқа тұрдым. Енді бәрі жақсы болады. Сен енді жалғыз емессің, ата. Келесі жылы Алла қаласа өтпәкімде шетелге апарамын. Қыдырымыз, — деді жымып. Атасы да мәз. Жарым көңілінде үміт сәулесі қайта жанғандай. Сол түні қала шетінде бір шағын пәтерде жаңа өмір басталды.

► ЕҢБЕК АДАМЫ

СЕНІМ МЕН
ТӘРТІПТІ
ТУ ЕТКЕН

Қай салада
еңбек етсе де
тынымсыз тер
төккен қарапайым
адамдардың
барлығы
қуантады.
Солардың
қатарында
қауіпсіздік
бағытындағы
мінсіз қызметімен
көпке үлгі болған
«Қорғау қызметі»
ЖШС-нің Күзет
бастығы
Тағамбай
Әшірбеков
те бар.



Қасиетті Ұлытау топырағында 1970 жылы дүниеге келген ол жастайынан жауапкершілікті серік етіп өсті. Арманы – заңгер болу еді. Сол бала арманның жетегінде Талдықорған заң колледжін тәмамдап, құқық саласында алғашқы қадамын нық сеніммен басады. Бірақ Тағамбай Естайұлының өмір жолы тек заң саласымен ғана шектеліп қалмайды. Техника тілін де меңгеріп, 3 санатты электр-слесарь мамандығын да игереді.

Еңбек жолын 1987 жылы Ұлытау өндірістік бірлестігінде құрылысшы болып бастаған жас жігіттің өмірінде маңызды белес 1988 жылы басталды. Отан алдындағы борышын өтеу үшін Германия жеріне аттанады.

– Ол жылдар мен үшін үлкен мектеп болды. Тәртіпке бағынуды, қиындыққа төтеп беруді, кез келген сәтте дұрыс шешім қабылдауды үйрендім, – деп еске алады бүгінде.

Өскерден оралған соң Жезқазған облыстық ішкі істер басқармасына қызметке қабылданып, заң саласында тәжірибе жинақтайды. Ал, 1995 жылдан өмірінің маңызды кезеңі қауіпсіздік қызметімен байланысты дәуір басталған еді.

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС қарамағындағы ведомстволық күзет құрамында күзетші ретінде еңбегімен, тиянақтылығымен, адамгершілігімен көзге түсіп, қарауыл бастығы, «Қорғау қызметі» бөлімінің командирі, күзет ме-неджері сынды сатылардан өтті. Бүгінде жетекші орындардың бірін иеленіп отыр.

Тағамбай Естайұлы ұжымда адам мен мүліктің қауіпсіздігін бірінші орынға қоюды басты ұстаным еткен. Бүгінде «Қорғау қызметі» ЖШС құрамында 950-ге жуық қызметкер еңбек етеді. Олар өндіріс орындары мен стратегиялық нысандардың тыныштығын жоғарғы жауапкер-

шілікпен күзетуде. Компания тек қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етіп қана қоймай, әр қызметкерінің әлеуметтік жағдайына да көңіл бөледі.

Қиын жағдайда материалдық көмек көрсетіледі, сәбилі болған отбасыларға төлемақы беріледі. Ал, жоғарғы нәтижеге жеткен қызметкерлерге марапаттар мен сый-ақылар табысталады.

— Жаңа жұмысқа қабылданған қызметкерлер үш ай сынақ мерзімінен өтеді. Сүрінбей өтсе еңбек шарты ұзартылып, айлығы да өседі. Биылғы жылы жалақыға 30 пайыз үстемақы қосылды, – дейді білікті басшы.

Компанияда спорттық, мәдени шаралар ұйымдастыру дәстүрге айналған. Бұл ұжым ұйымшылдығын арттырып, әр қызметкерге сергектік, көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды.

Тағамбай Естайұлының қоғамдық жұмыстарға белсенділігі ерекше. Ол – «Германиядағы Кеңес жауынгерлері группасы» қоғамдық бірлестігінің Ұлытау облыстық филиалы директорының орынбасары. Қайырымдылық шараларына қатысып, әлеуметтік жобаларға демеушілік көрсетіп келеді. Ұзақ жылдардағы еңбегі еленбей қалған жоқ. «Еңбек даңқы», «Еңбек оза-ты» төсбелгілерінің иегері, бір-неше Алғыс хаттар мен Құрмет грамоталарының иесі.

Өмірлік серігі Күлзипа екеуі екі бала тәрбиелеп, өнегелі отбасы үлгісін көрсетіп келеді. Бүгінде қос перзенті өндіріс саласында жемісті еңбек етуде. Ал, немерелерінің күлкісі шаттық пен шабыт сыйлайды.

Тағамбай Естайұлы қарапайым еңбектің қадірін түсінген, ел тыныштығы мен қауіпсіздігіне өмірін арнаған азамат. Қай істе де сенім мен тәртіпті ту етеді.

Мейрамгүл САЯЖАН.

ЕҢБЕК АССАМБЛЕЯСЫ
ҚҰРЫЛДЫ

Сәрсенбінің сәтінде «Сәтбаев жылу, сумен жабдықтау кәсіпорыны» ЖШС мәжіліс залында Қазақстан халқы еңбек Ассамблеясының ашылуы өтті.

Еңбек Ассамблеясы - ортақ мақсат үшін иық тіресіп жұмыс істейтін барлық этностардың өкілдері арасындағы келісімнің, ұйымшылдықтың және құрметтің нышаны.

– Ұжымда Еңбек Ассамблеясын құру жай ғана сөз емес. Бұл біздің ұжымның күші алуан түрлі екендігінің көрінісі. Біз ортақ құндылықтармен, еңбекқорлықпен, құрметпен және дамуға ұмтылумен біріктірілген әр түрлі этностардың өкілдерінің кәсіпорнымызда жұмыс істейтінін мақтан тұтамыз – деді «СЖСЖК» ЖШС басшысы, Ұлытау облыстық

мәслихатының депута ты Ержан Тоқымбаев құттықтау сөзінде.

Ұлытау облысы қоғамдық даму басқармасының "Қоғамдық келісім" КММ басшысы Г.О. Сейтжанова және қоғамдық басқарма басшысының орынбасары, этномедиация орталығының үйлестірушісі Г.Р. Гатиятова сөз сөйлеп, Еңбек Ассамблеясы өзара іс-қимылдың үлгісі болатынын атап өтті. Жиналыста "СЖСЖК" ЖШС кәсіпорнының Еңбек Ассамблеясының төрағасы болып М.Е.Базархан сайланды.

Ай НҰР

► ХАБАРЛАНДЫРУ

Кемелердің қыста қауіпсіз
тұруы

ҚР Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Ұлытау облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" РММ Жезқазған қаласы, Ғарышкерлер көшесі № 15, байланыс тел. 87102 92 56 46 қыстың басталғанын еске салады және хабарлайды:

- 1.Кеме иесі Кемелерді қарусыздандыру алдында қарусыздану және тоқтап қалу кезеңімен кесте жасау арқылы кемелерді қысқы тұндыруға қою орнын айқындауға тиіс;
2. Кемелерді күзетке тапсыру актілерін ұсыну;
3. Кемелерді қысқы тұндыруға орналастыру сұлбасын жасау (өрт құдықтары мен ойықтарды және кемелер арасындағы интервалдарды көрсете отырып);
4. Кемелердегі өрт қауіпсіздігін сақтай отырып, кемені қыстау жағдайына келтіру;
5. Қардан тазартылған кірме жолдарды қамтамасыз ету.

► ОБЪЯВЛЕНИЕ

Безопасный зимний
отстой судов

РГУ «Инспекция транспортного контроля по области Ұлытау» Комитета автомобильного транспорта и транспортного контроля Министерства транспорта РК, находящееся по адресу г. Жезказган, ул. Ғарышкерлер № 15, тел. связи 87102 92 56 46 напоминает о наступлении зимы и сообщает:

1. Судовладелец перед разоружением судов должен определить место постановки судов на зимний отстой путем составления графика с периодом разоружения и начала отстоя;
2. Предоставить Акты сдачи судов под охрану;
3. Составить схемы расстановки судов на зимний отстой (с указанием пожарных колодцев и прорубей, и интервалами между судами);
4. Привести судно в зимовочное состояние, с соблюдением пожарной безопасности на судах;
5. Обеспечить очищенные от снега, подъездные пути.

АУДИТ

Ұлытаудағы камералдық бақылау: ашықтық, заңдылық және жауапкершілік

(2025 жылдың тоғыз айының қорытындылары)

Мемлекеттік сатып алу саласында ұсақ-түйек деген болмайды – әрбір көрсеткіш, әрбір құжат бюджет қаражатының қаншалықты тиімді және адал жұмсалып жатқанын көрсетеді.

Сондықтан да камералдық бақылау – ашықтық пен заңдылықты қамтамасыз етудің негізгі құралдарының бірі болып қала береді.

Аталған жұмыстың басты мақсаты – бұзушылықтардың алдын алу және тапсырыс берушілерге оларды өздігінен жоюға мүмкіндік беру, яғни жазалау емес, заң талаптарын дер кезінде сақтау мәдениетін қалыптастыру.

2025 жылдың тоғыз айында Камералдық бақылау бөлімі жалпы сомасы 181,45 млрд теңге болатын 5659 лотты қамтыды. Тексеру нәтижесінде 8,44 млрд теңге сомаға тең 690 лот бойынша заң бұзушылықтар анықталды. Барлық анықталған фактілер бойынша нысандарға бұзушылықтарды жою туралы хабарламалар жолданды, алайда олардың 6-уы белгіленген мерзімде орындалмаған.

Хабарламаларды уақтылы орындамаған тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Бұл мемлекеттік сатып алу заңнамасының талаптарын бұзған жағдайда жазаның бұлтартпастығын тағы бір рет дәлелдейді.

Анықталған бұзушылықтардың құрылымы төмендегідей:

- 56 хабарлама – бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен сатып алу бойынша;
 - 337 хабарлама – баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу бойынша;
 - 297 хабарлама – ашық конкурс тәсілімен сатып алу бойынша.
- Ең жиі кездесетін бұзушылықтарға – бір көзден сатып алу тәсілін негіз-

сіз қолдану, баға ұсыныстарын сұрату кезінде тауар белгілерін көрсету, сондай-ақ техникалық ерекшеліктердің мемлекеттік тілде орналастырылмауы мен сатып алынатын тауарларға стандарттардың көрсетілмеуі жатады.

Департамент мамандарының айтуынша, мұндай бұзушылықтар формалды мәселе емес – олардың артында сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасының төмендеуі қаупі және мемлекеттік қаражатты тиімсіз пайдалану тәуекелі тұр.

«Біздің мақсатымыз – тек қателіктерді анықтау емес, тапсырыс берушілер мен ұйымдастырушылар арасында заңдылық пен ашықтық мәдениетін қалыптастыру. Әрбір мемлекеттік сатып алу әділ, сауатты және заң талаптарына сай өтуі тиіс», - деп атап өтті Ұлытау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің өкілдері.

Бұзушылықтардың алдын алу мақсатында департамент мемлекеттік сатып алу туралы заңнамадағы өзгерістер мен толықтыруларды тапсырыс берушілер мен ұйымдастырушыларға тұрақты түрде түсіндірме жүргізу.

Осылайша, камералдық бақылау – тек бұзушылықтарды анықтау құралы ғана емес, сонымен қатар азаматтар мен бизнестің мемлекеттік сатып алу жүйесіне деген сенімін нығайтуға бағытталған тиімді алдын алу тетігіне айналып отыр.

**Ұлытау облысы бойынша
ішкі мемлекеттік аудит
департаменті**

Генплан с нарушениями: аудиторы нашли необоснованные миллионы

По результатам государственного аудита в ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Жезказган» выявлены серьезные нарушения законодательства о государственных закупках.

Речь идет о заключении дополнительного соглашения к договору на выполнение работ по разработке генерального плана города — документа, определяющего будущее градостроительное развитие, транспортную систему, инженерные коммуникации и благоустройство.

Однако проверка показала: дополнительное соглашение было подписано без законных оснований и без фактического увеличения объема необходимых работ. Более того, заказчик произвел оплату за невыполненные работы на сумму 18,2 миллиона тенге — деньги, которые могли

быть направлены на реальные нужды города. В результате объекту аудита выдано предписание об устранении выявленных финансовых нарушений и возмещении ущерба в бюджет.

Сроки исполнения предписания еще не наступили, однако сам факт подобных нарушений вызывает справедливые вопросы: кто и почему допустил столь легкомысленное обращение с государственными средствами? Общество ожидает прозрачности, ответственности и реальных мер по предотвращению подобных ситуаций в будущем. Ведь каждый тенге из бюджета — это вклад граждан, и тратить его нужно с умом и честностью.

**Департамент внутреннего
государственного аудита
по области Ұлытау**

Бұзушылықтармен жасалған бас жоспар: аудиторлар негізсіз миллиондарды анықтады

Мемлекеттік аудиттің қорытындысы бойынша Жезқазған қаласының «Жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы өрескел бұзушылықтар анықталды.

Әңгіме қаланың бас жоспарын әзірлеу жөніндегі жұмыстарға жасалған келісімшартқа қосымша келісім бекіту туралы болып отыр. Бұл құжат қаланың болашақ дамуын, көлік жүйесін, инженерлік инфрақұрылымды, абаттандыру мен көгалдандыруды айқындайтын маңызды жоспар болып саналады.

Алайда тексеру нәтижелері көрсеткендей, қосымша келісім заңды негізсіз және нақты жұмыстар көлемінің ұлғаюына себепсіз түрде жасалған. Бұдан бөлек, тапсырыс беруші орындалмаған жұмыстар үшін 18,2 миллион теңге көлемінде ақы төлеген. Бұл қаражат қала үшін нақты қажет жобаларға бағытталуы тиіс еді.

Аудит объектісіне қаржылық бұзушылықтарды жою және бюджетке келтірілген залалды өтеу жөнінде нұсқама берілді. Нұсқаманы орындау мерзімі әлі келмегенімен, мұндай жағдайдың өзі мемлекеттік қаражатты мақсатсыз пайдалану фактісіне қоғам тарапынан орынды сұрақтар тудырады: қалай және не себепті осындай жауапсыздыққа жол берілді?

Қоғам ашықтықты, жауапкершілікті және болашақта мұндай жағдайлардың алдын алу шараларын күтеді. Себебі әрбір бюджет теңгесі – азаматтардың еңбегімен жиналған қаражат, оны орнымен және адал жұмсау – мемлекет алдындағы ең басты парыз.

Заң – формалдылықтан жоғары: Ұлытауда мемлекеттік сатып алудағы бұзушылықтармен күрес күшейтілді

Биылғы жылы Ұлытау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті мемлекеттік сатып алу, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу бағытында белсенді жұмысын жалғастыруда.

Ағымдағы жылдың 9 айының қорытындысы бойынша департаментпен 94 әкімшілік іс қозғалып, жауапты лауазымды тұлғаларға қатысты шаралар қабылданды. Салынған айыппұлдардың жалпы сомасы 8,9 миллион теңгені құрап, бұл қаражат мемлекеттік бюджет кірісіне толық көлемде өндірілді.

Бұл нәтижелер өздігінен-ақ көп нәрсені аңғартады: ішкі мемлекеттік аудит жүйесі тиімді жұмыс істеуде, ал бюджет қаражатының жұмсалыуына бақылау барған сайын пәрменді бола түсуде. Жүргізілген талдау нәтижелері көрсеткендей, әкімшілік істердің басым бөлігі мемлекеттік сатып алу саласындағы бұзушылықтарға тиесілі. Көп тараған заң бұзушылықтарға тапсырыс берушілердің сотқа жүгіну мерзімдерін бұзып, әлеуетті жеткізушілерді адал емес қатысушылар тізіміне енгізбеуі, сондай-ақ заңнама талаптарын айналып өтіп, келісімшарттар жасасуы жатады.

Мұндай әрекеттер адал бәсекелестік қағидаттарын бұзып қана қоймай, жалпы мемлекеттік сатып алу жүйесіне деген азаматтардың сеніміне де нұқсан келтіреді. Алайда департаменттің уақтылы қабылдаған шараларының арқасында мұндай фактілер жазасыз қалмайды.

Айта кету қажет, департамент Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 810 және 811-баптарына сәйкес, әкімшілік істер бойынша қысқартылған іс жүргізу тәртібін белсенді қолдануда. Бұл тетік кінәсін мойындаған құқық бұзушыларға айыппұлдың тек 50%-ын жеті күн ішінде төлеуге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде процесті жеделдетіп, айыппұлды ерікті түрде төлеуге ынталандырады.

Ұлытау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің жұмысы — бұл жай ғана есептегі сандар емес. Бұл — қаржылық тәртіпті арттыруға, заңдылықты нығайтуға және бюджет қаражатын тиімді пайдалануға бағытталған жүйелі еңбек. Әр анықталған бұзушылық фактісі — мемлекеттің тиімсіздік пен формализмге көз жұма қарамайтынының дәлелі.

Өйткені қаржылық ашықтық — халықтың билікке деген сенімінің негізі, ал сенім — мықты және жауапты мемлекеттің тірегі.

ҚОШ БОЛ, НАИЛЬ!

Қарашаның 2-жұлдызында ел жақтан жайсыз хабар жетті. Өзім жақсы білетін абзал азамат Наиль Рашитович Салихов өмірден өтіпті. Бұл хабар қабырғама батып кетті. Жаман ауруға шалдығып қалғанын білетін едім, ақыры алып тыныпты.

Сәтбаев қалалық полициясының тергеу қызметінде көп жылдар бойы қызмет атқарған Наиль Рашитович өз міндетіне жауапкершілікпен қараған, адалдық таныта білген азамат еді. Қалтқысыз қызметінің арқасында подполковник атағына ие болды.

Ол өмірінің ақырғы сәттеріне шейін Сәтбаев қалалық әкімдігінде заң бөлімін басқарды. Наиль еліне де, отбасына да адал болды.

Мен оны «шәкіртім» десем, ол мені «ұстазым» дейтін еді..

Иманы саламат, жатқан жері жұмақ болсын!


**Төлеубай Мусин,
Астана қаласы.**



ОВЕН. Эта неделя говорит о сильной волне мотивации. Вас тянет действовать, доказывать и побеждать. И именно сейчас стоит направить энергию туда, где давно нужна решительность. В этот период все складывается так, что обстоятельства начинают играть на вашей стороне. Под конец недели появится чувство внутреннего удовлетворения.



ТЕЛЕЦ. Вы ясно видите, что приносит пользу, а что отнимает силы. Неделя поможет навести порядок в мыслях, окружении и делах. Неспешный темп станет вашим преимуществом — вы почувствуете устойчивость и уверенность в завтрашнем дне. Ближе к выходным возможен приятный разговор или встреча, которая оставит след в душе.



БЛИЗНЕЦЫ. Неделя обещает насыщенные события и множество новых идей. Слова и жесты сейчас обладают особой силой, поэтому используйте их осознанно. В середине недели вас ждет внезапное вдохновение — возможно, из разговора или случайной поездки. Все, что начинается с легкости, может оказаться серьезным шагом вперед.



РАК. Гороскоп Рака на неделю говорит о потребности в спокойствии и душевном равновесии. Вас потянет в уют, к близким людям и вещам, которые приносят комфорт. Неделя подойдет для восстановления сил, особенно после напряженных периодов. Главное — не сомневаться в себе: вокруг вас есть поддержка, просто нужно ее почувствовать.



ЛЕВ. Для Вас неделю обещает активный подъем. Ваша харизма привлекает внимание, и вы словно становитесь центром происходящего. Этот период благоприятен для ярких выступлений, переговоров, смелых решений. В личной жизни растет взаимопонимание: кто-то восхищается вами искренне.



ДЕВА. Для вас неделя подсказывает: сейчас самое время упорядочить все вокруг. Вы почувствуете, как возвращается чувство контроля и ясности. Простые шаги приносят результат, а внимание к мелочам окупается сторицей. Неделя пройдет под знаком внутреннего баланса: если не гнаться за идеалом, можно достичь по-настоящему гармоничного состояния.




ВЕСЫ. Для Весов неделя открывает двери в период вдохновения и общения. Все, что связано с красотой, искусством и эмоциями, будет удаваться особенно легко. Окружающие тянутся к вам, а ваше настроение способно заразить оптимизмом. Если что-то долго стояло на месте, сейчас появится шанс сдвинуть процесс мягко и естественно.



СКОРПИОН. Что-то внутри вас созревает, и скоро даст мощный импульс. Не сопротивляйтесь переменам — они приведут к очищению и росту. Неделя поможет отпустить то, что мешало двигаться вперед. Возможно, вы по-новому посмотрите на важные отношения или найдете то, чего давно искали.



СТРЕЛЕЦ. Для Вас неделя наполнен приключениями и легкостью. Появится чувство, что все возможно, стоит лишь сделать шаг. В середине недели вероятно важное знакомство или предложение, которое расширит горизонты. Вы словно возвращаетесь к себе — энергичному, увлеченному и искреннему.



КОЗЕРОГ. Вам эта неделя советует проявить настойчивость. Сейчас многое решается не скоростью, а последовательностью. Ваш труд начнет приносить первые плоды — не сразу, но стабильно. Неделя поможет укрепить уверенность и восстановить дисциплину. Главное — не замыкаться: окружающие готовы поддержать, если позволите.



ВОДОЛЕЙ. Для Вас неделя приносит всплеск идей и неожиданные возможности. Ваше нестандартное мышление поможет найти оригинальное решение старой задачи. Не бойтесь экспериментировать — даже в мелочах. В конце недели возможна встреча, способная изменить взгляд на привычные вещи.



РЫБЫ. Вам неделя обещает тихую, но насыщенную эмоциями атмосферу. Вы почувствуете, что интуиция снова точна и чутка. Важно не торопиться — все сложится само собой. Эта неделя подойдет для духовных открытий, отдыха и восстановления внутренней гармонии. Ваши чувства и мечты становятся путеводной звездой.

СКАНВОРД

							Шар для пинг-понга		Машина для буксировки		Совет при патриархе
«Клон» в переводе с греческого		Боец в корриде		Расщепление		Надпись для глухонемых					
						Стадион хоккеистов		Кочующие гадалки и бароны		Что такое дротик?	
Что скрывает в себе заявка?		Уютное свитое строение		Подлодка капитана Немо		Хищническая сущность клопа					
						Дитяtko родное					
Амплуа ученого-химика							Официальный документ		Перестрелочный фильм		
Хвастливая шавка	Водный грызун		Что ведет учитель в школе?				На какой реке стоит Сургут?				
					Между супом и компотом						
	Продукт переработки нефти		Гнет правления			Касситерит - это чья руда?		Самый твердый после алмаза		Фрукт к шампанскому	
					Фигурное дерево						
	Разумность		Держи ... остро!			«...освободитель» у Вучетича					
					Процесс на конвейере						
	Жидкий орех	Возлияние по крупному (разг.)	Мужик, дающий молоко		Нижнее белье		... миокарда		Опекун, попечитель		
Аэробика		Смесь брюнетки с пергидролем									
			Лицевая сторона монеты		Носитель чалмы						
Страна инков		«Корова во дворе, ... на столе»			Наживка для рыбы		Настольная игра		Вязанный ошейник		
				Путаница							
Сталь по сути		Мумба-юмба по цвету кожи			Часть батальона						
				Пелевин							
«Винная ягода» среди плодов		Ответ подчиненного в армии				Горячее в болоте					

Анекдоты, анекдоты...



Посетитель ресторана говорит пожилому официанту: - Скажите, а какая самая большая мечта в вашей жизни? - Я хочу, чтобы все посетители ели дома, а чаевые присылали мне по интернету на пластиковую карту.

Никогда не сдавайся! Наберись терпения и спокойно лежи на диване до тех пор, пока в жизни не наступят перемены к лучшему.

Жизнь чем-то похожа на шведский стол. Кто-то берёт от неё, сколько хочет, другие — сколько могут. Кто-то — сколько совесть позволяет, другие — сколько позволяет наглость. Но правило для всех

нас одно — с собой уносить нельзя!

- Марья Ивановна, да зачем мне ваша алгебра, где она мне в жизни пригодиться может? - Ой, Пётр, ты ещё вспомнишь меня, когда будешь делать уроки со своими детьми-шестиклассниками!

Никогда не говори, что ты плохо живёшь. Бог услышит твои слова и скажет: "Ты не знаешь, что такое плохая жизнь". И даст тебе судьбу в десятки раз худшую. Что бы ни случилось, говори: "Хорошо живу!". Тогда Бог скажет: "Ты не знаешь, что такое хорошая жизнь!". И даст тебе судьбу в десятки раз лучшую.

АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ

АХМЕТ БАРЖАҚСЫҰЛЫНА АРНАЛҒАН КОНФЕРЕНЦИЯ

**Қазақстан халқы
Ассамблеясының
30 жылдығына және
«Тарихқа тағылым
– өткенге тағзым»
жобасы аясында
Ұлытау облысының
«Қоғамдық келісім» КММ
ұйымдастыруымен
Жезқазған қаласында
мемлекет және қоғам
қайраткері, ғалым Ахмет
Баржақсұлының өмірі
мен еңбегіне арналған
«Ахмет Баржақсұлының
ғұмыры мен мұрасы»
атты облыстық
ғылыми-практикалық
конференция өтті. Іс-
шараға еліміздің белгілі
ғалымдары, тарихшы-
лар, қоғам қайраткерлері
мен жазушылар, сондай-
ақ өңірдің зиялы қауым
өкілдері қатысты.**



Конференцияға қатысушыларды облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Бақытжан Жайлаубаев құттықтады. Ол Алаш қозғалысының көрнекті өкілдерінің бірі болған Ахмет Баржақсұлының XX ғасырдың бас кезінде төте жазумен жарық көрген кітабын қазіргі қаріпке түсіріп, басылып шығуына және оның өмірін зерттеуге ден қоя бастаған тарих-



шы Қабдол Әуезовтің ізденімпаздығына ризашылық білдіріп, ізденістеріне сәттілік тіледі.

Конференция жұмысына арнайы келген танымал тарихшы, ҚР ҰҒА академигі Ханкелді Әбжановтің лебізін жиналғандар ұйып тыңдады. Ол ұлтымызға қатысты әлі де айтылмаған ақиқаттардың, ашылмаған ақтаңдақтардың мол екенін жеткізді.

Облыстық Ардагерлер Кеңесінің төрағасы Сағындық Қожамсейітов, А.Баржақсұлының ұрпақтары атынан сөз алған Серік Қолданұлы, жас ғалым Қабдол Әуезов және т.б. ұлт тарихын танудың өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі зор ықпалына тоқталды.

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ.

ӨҢІРЛІК ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Жезқазған орталықтандырылған кітапханасында өткен Қазақстан Журналистер одағы Ұлытау облыстық филиалының алғашқы отырысы өңір журналистикасы үшін айтулы оқиғаға айналды. Жаңа құрылған филиалдың болашақ бағытын айқындап, қалам иелерінің кәсіби ынтымағын күшейте түсті.

Отырысты филиал төрағасы, тәжірибелі журналист Эльвира Алпанбаева ашып, жүргізді. Ол өңірлік журналистиканың жаңа кезеңге аяқ басқанын, филиалдың басты мақсаты – кәсіби қауымдастықтың беделін арттырып, өңірлік БАҚ қызметін қолдап, жас журналистерге бағыт-бағдар беру екенін атап айтты.

Жиында 2026 жылға арналған нақты жұмыс жоспары талқыланып, облыстық журналистер кеңесінің жаңа құрамы бекітілді. Кеңеске Жезқазған мен Сәтбаев қалалары, Қаражал, Ұлытау және Жаңаарқа аудандарынан қалам ұстаған белсенді журналистер енгізілді. Өңірлік журналистерді біріктіріп, ортақ мақсатқа жұмылдырудың алғашқы қадамы осылайша жасалды.

Филиал жұмысын жаңа серпінмен жандандыру үшін де бірқатар бастамалар көтерілді. Оның ішінде Ұлытаудың қос алыбы - Камал Смайылов пен Баубек Бұлқышев атындағы сыйлықтарды тағайындау, жас журналистерге арналған



шығармашылық байқаулар мен спорттық шаралар ұйымдастыру ұсынылды. Бұл идеялар жас мамандардың кәсіби өсуіне тың серпін бермек.

Қазіргі таңда қоғамдағы ең белсенді, жауапкершілігі жоғары мамандықтардың қатарында журналистика да бар. Жәй ақпарат таратушы ғана емеспіз, қоғамның айнасы, бұқара мен билік арасында алтын көпір болып

жүрміз. Алайда әлеуметтік жағдайымызға, тұрмыстық жағынан пәтерден қамтамасыз етілуімізге жеткілікті деңгейде назар аударылмай келеді.

Мемлекет тарапынан арнайы әлеуметтік жеңілдіктер мен қолдау тетіктері қарастырылса кәсіби дамуға жетелер еді. Түйткілді мәселелер қатарында баспахана мәселесі, кадр тапшылығы және бар. Сонымен қатар,

БАҚ өкілдерінің құқықтарын қорғау бағытында нақты шаралар қолға алынуы қажет. Себебі ақпарат майданында жүрген әрбір қалам иесінің қауіпсіздігі мен еркіндігі сөз бостандығының кепілі болмақ. Бұқаралық ақпарат құралдарының сапалы дамуы үшін кадрлық өлеуеті арттырылып, журналистер құқықтық әрі әлеуметтік жағынан қорғалуы тиіс.

Филиал төрағасы Эльвира Алпанбаева БАҚ пен мемлекеттік құрылымдардың өзара серіктестігін нығайтып, бірлескен жобаларды жүзеге асырудың маңыздылығына тоқталды. Әлеуметтік желілерде өңір журналистикасының оң имиджін қалыптастыруға бағытталған жаңа идеяларымен бөлісті. Барлық ұсыныстар арнайы хаттамаға енгізіліп, тиісті мекемелерге жолданып болды.

Жиын соңында журналистика саласына өлшеусіз еңбек сіңірген ардагер-қаламгер Ізтай Белгібайұлына құрмет көрсетіліп, облыстық филиал атынан Алғыс хат пен естелік сыйлық табыс етілді.

Өңірлік журналистиканың жаңа тынысын ашқан тарихи сәт қалам иелерін ортақ мақсатқа біріктіріп, Ұлытау өңіріндегі БАҚ дамуының жаңа белесіне жол салды. Ең бастысы – журналистер қауымының өзара бірлігі мен кәсіби рухының жаңғыруы байқалды. Журналистің еңбегі лайықты бағаланған елді ақпараттық мәдениеті жоғары, саналы ел десек, қалам мен сөз киесін қадірлей білетін қасиетті Ұлытау жерінде шындықтың шамы ешқашан сөнбейтіні анық.

Мейрамгүл САЯЖАН.

Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген, 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 520 Заказ 1894

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты. Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.